


Сейдәлім Тәнекеев

ЖҮРЕККЕ ТҮСКЕН ЖАРА


60 лет Победы
Ұлы Отан
в великой
согьсы
отечественной
жеңісіне
воине
60 жыл



Сейдәлім Тәнекеев

ЖҮРЕККЕ ТҮСКЕН ЖАРА

60 лет Победы
Ұлы Отан
в Великой
соғысы
Отечественной
войне
60 жыл



“Санат” баспасы
Алматы 2005

ББК 63.3 (5 Қаз)

Г 27

Қазақстан Республикасы Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
бағдарламасы бойынша шығарылды

Тәнекеев С.

Г 27 Жүрекке түскен жара - Алматы: «Санат», 2005. - 160 бет.

ISBN 9965-664-29-3

Кітапта Ұлы Отан соғысының ардагері, қоғам қайраткері Сейдәлім Тәнекеевтің «Елім-ай» әңгімесі (1995) мен «Жүрекке түскен жара» повесі (2000) қайтадан жарық көріп отыр.

«Елім-ай» әңгімесіне Отан соғысына өзірлік курсындағы Кеңес солдаттарының өмірі арқау болады.

«Жүрекке түскен жара» повесінде Қаратай есімді азаматты НКВД адамдары «халық жауының құйыршығы» деген айыппен түрмеге отырғызғаны. Оның тергелуі, көрген қорлықтары және ақталып шығу үшін істеген ерліктері баяндалады.

Т $\frac{0503020905-12}{416 (05) -05}$ 7 - 05

ББК 63.3(5 Қаз)

ISBN 9965-664-29-3

© Тәнекеев С. - 1995, 2000, 2005.

© ЖШС «Санат» баспасы, 2005.



*Бақи болған қадірменді
достарым Бақыт пен
Бекдолланың рухына
арнаймын*

(автор)

ЕЛІМ-АЙ...

(Хикая)

1

Осы біздің Бәкен нағыз қазақ!..

Көңілі жақын адамды туғанындай көреді. Өз малын досымдікі деп есептейді. Етене жақының үйіне қалаған уақытында, алдын ала хабарласпастан жетіп келіп, көңіліңді бір көтеріп кететін әдеті тағы бар. Сенің үйіңде, ол келе қалғанда, күтуге жағдай бар ма, жоқ па, онда ісі де болмайды. Өйткені, ол шынайы жақынымен өз туғанындай қатынас жасайды. Өзіне де керегі сол.

Оның шын аты – Бекдолла. Біз сонау 1942 - жылдың жазында Отан соғысы шаңының ішінде жүріп кездескен едік. Алғашқы күннен-ақ біз оны Бекен деп атап кеткенбіз. Бұл – оның анасы қойған ерке аты екен. Бекен десек тілге де жеңіл, жүрекке де жылы тиіп тұрғандай сезінеміз. Өсіресе, орыс жігіттері Бекен деген атқа жығыла кетеді. Өйткені, олардың тілінің кейбір қазақша сөзге кемеітін әдеті бар ғой.

... 1984 жылдың маусым айы, демалыс күні еді. Жаздың алғашқы күндері оқтын-оқтын сіркіреп жауып тұратын жаңбыр сөйіліп, күн көзінің қызуы күшіне ене бастаған кез. Күн қатты ысып, айнала тымырсып кеткен соң, тынысымыз тарылтып тұрғандай сезініп, демалысты пайдаланып қаланың сыртына барып таза ауа жұтып, сергіп қайтайық деп келісіп, ежелгі дос Бақыт Ғабдуллаұлы екеуіміз киініп, енді жолға шықпақ болып отыр едік.

Күтпеген сәтте үстімізге Бекен кіріп келді.

Сол, сол-ақ екен, үй іші абыр-дабыр болды да кетті.

Орта бойлы, қараторы дөңгелек бет, қыр мұрынды, өткір көзді, қою қара шашты, толық денелі, кездескен адамын үйіріп ала кететін қасиеті бар Бекеннің самайынан тері шып-шып,

ағып тұр. Ол үйге кірер-кірместен бастырмалатып, бір-аз халжай, аман-саулықты сұрастырып алды да, біздің қарсы алдымызда тұрған креслоны солқ еткізіп отыра кетті. Қалтасынан ақтығы жаңа жауған қардай орамалын алып, бетін сүртіп жатып «к черту» – ды тіркей сөйлейтін әдетіне басып:

– Ту, к черту, күн күйіп тұр. Жайлауға кетер ме еді?! – деді, ай-шай жоқ.

Бақыт Бекенің салқын жайлауды аңсаған желігін басқысы келгендей түр танытып:

– Жайлау сенен қаша қоймас, онанда әңгіме айт?! Не жаңалық бар, – деді, досымыздың бетіне жадырай қарап, сөзге шақырып.

Бақыт ернін жияр-жимастан, Бекеннің таңауы желбіреп шыға келді:

– О, жаңалық баршылық! Маған Отан соғысының ардагері ретінде редактор кезектен тыс, он күнге соғыс кезінде болған, көңілің түскен жеріңді көріп кел деп демалыс беріп отыр. Сол хош хабар ішіме симай, келген бетім еді, – деді.

Сонан соң, не дер екен дегендей Бақыт екеумізге көзінің қиығын жүгіртіп алды.

Бақыт мына әңгімеге сенер-сенбесін білмей, таң қалғандай түр танытып:

– Мынауың, шынында да, сирек кездесетін жаңалық екен! Сенің бастықтарың неғып «Жеңіс күні» өтіп кеткеннен соң ағынан жарыла қалды? Мұны жуу керек шығар! – деді, көңілдене түсіп.

Десе дегендей, «Жеңіс күнінің» желігі өтіп кеткелі айдан асып кеткен еді ғой. Мен де таң қалғандай түр таныттым. Бірақ, Бекеннің өтірік қалжыңы жоқ азамат екені ежелден белгілі болған соң, оның мына әңгімесіне күмән туғыза қоймадық.

Көңіліміз көтеріңкі.

– Сонымен, ел қыдыратын болдым де! – дедім мен жадырап.

– Жүр, Бақыттың сөзі жерде қалмасын, бұл жаңалықты таза ауаға барып жуалық! Демалысқа қайда баратын болдың? – дедім.

– Е, келесі жыл Ұлы Отан соғысының жеңісінің 40-жылдығын ел болып, дүрілдетіп атап өтетін түрі бар ғой. Газет басшылары сол салтанатқа даярлықты қазірден қолға алалық, газет беттеріне елдік, ерлік мәселелерінен қоғамға мұрындық боларлықта ой тастап, пікір көтерелік, осыған орай нақты ұсыныстарың болса беріңдер деп жатыр. Күні кеше ғана

осы іске байланысты редакция жұмыс шарасын жасап бітті. Жақын арада Баукең туралы газетке үлкен мақала бермекші болдық. 8-гвардия дивизиясының ерлігіне газеттің бір-екі номері түгел бағышталмақ. Қазақстанда тұрып жатқан барлық Советтер Одағының Батырлары туралы деректі мақалалар жарық көрмек. Соғыс тұсында Отан үшін жанын пида еткен жауынгерлерге арналып газеттің әр номерінде арнайы материал жарияланбақ. Осы міндетке байлансыты журналистер нақты тапсырма алып, жан-жаққа жолға шыға бастады, – деді Бекен.

Бекен университеттің журналистер факультетін бітірісімен «Социалистік Қазақстан» газетіне қызметке орналасқан еді. Содан бері осы газетте істеп келеді. Құдайға шүкір деп айталық, ол жұмысын қатардағы тілші болып бастап, газеттің редакция алқасының мүшесі дәрежесіне дейін көтерілген еді.

Екеуміздің қатынасымыз қырық жылдан бері бір сейілген емес. Өйткені, ол екеуміз сонау аласапран заманда кездесіп, етене жақын болып кеткен доспыз, әскери училищені бірге бітіргеміз.

– Мынау бір рақмет айтарлықтай бастама екен! Бірақ, басқа әріптестерің материал іздеп жан-жаққа шапқылап бара жатқанда, сенің демалысқа шығып желіккеніңнің жолы болсын?! Мұндайда алдымен жүгіретін адам сен емессің бе?! – деді Бақыт.

Бақыт жолдастарын мадақтап сөйлейтін қасиеті бар азамат еді. Ол досымыздың әріптестері мен бастықтары, оны әдейі көтермелеп, игі тілек білдіріп жатқанын біле тұра, білмегендей түр танытып жатыр.

Бекен болса, ежелгі аңқылдақ мінезіне басып, көңілдене түсті. Ақ орамалымен тағы бір рет бетін сүртіп алды да, сөзін жалғап кетті:

– Редактор ағынан жарылып, «ақыр жаңашыл болдық, сол жаңалықты өзімізден бастайық» - деді. Редакцияда істейтін төрт Отан соғысының ардагері бар еді. Сол төртеуін кезек-кезек оңаша шақырып алып, жылы лебіз танытып, соғыс жылдарына әскерде болған жерлеріңізге барып, сондағы елдің хал-жағдайымен танысып, керзі етіктерінің ізі түскен өңірдің өткені мен қазіргісі жайлы репортаж жазып келіңдер деп он күннен командировка-демалыс беретін болды. Мен Термезді таңдап алдым...

Термезге барам деген әңгіме құлағына тигенде, бұл сөздің мәнін түсіне қоймаған Бақыттың дөңгелек бетінің бұлшық етіне қан жүгіріп, қараторы өңі қара-қоюланып, езуі жайылып шыға келді:

– Соғысқан жерлеріңе бармастан, айдалада жатқан Термезде нең бар?...

Бекеннің өзіне де керегі осы сұрақ еді ғой. Ол кәдімгідей көтеріліп қалды:

– О, Термез деген ерен қала ғой, – деп бастады сөзін. Сонан соң терең күрсініп алып:

– О, ағайын! Осы көрші Өзбекстанның ТЕРМЕЗ деген қаласын көргендерің бар ма? Термез – Атам заманда бір көрген адамға өмір бақи ұмытпайтындай әсер қалдырған ерен қала болған екен. Ал, бұл күнде сол қаланы бір көрсем деп аңсайтын адам, егер, ол сол өңірдің ұрпағы болмаса, табыла қоймайтын шығар деп ойлаймын. Өйткені, бұл күнде Термез Орта Азиядағы қатардағы көп қалалардың бірі ғана болып қалды ғой.

Бекен сөзін бөліп, сәл кідіріп, бір нәрсе есіне түскендей отырып қалды. Сонан соң, қанатын қағып көкке ұшатын қыран құстай қомданып:

– Ерте заманда Термез – Тұран әлемінің аты алысқа танымал, талай әулие суын ішіп, дәмін татқан қалаларының бірі болған екен. Сонау, біздің дәуірімізден бұрынғы заманда Иранның ұлы Шахин шахы бірінші Кир осы өңірдің ежелгі елі массагеттердің жерін жауламақ болып, атақты Томирис Ханиемнің мемлекетіне шабуыл жасаған кезінде, оның қалың-қолы Амудариядан осы Термездің тұсынан өтіпті деген тарихшылар атасы Геродаттың болжамы бар. Бірақ, соры қайнаған Кир Томирисінің қолынан қаза тауып, арғы бетке меске салынып, қанға шомған басы ғана өтіпті ғой. Неде болса, сол ерте заманда Термездің іргесінде Амудария бойында көпір болғаны күмән туғызбайды деседі ғой білгіштер. Әлемді дүр сілкіндірген Шыңғыс Ханның қолы да Ауған мен Индияға шабуылға шыққанда Амудариядан осы Термездің тұсынан өткені белгілі. Орталық Азияны жаулап алуға бағытталған ұзақ жорығында Шыңғыс әскері бір-ақ рет шегіністің дәмін татқан екен. Ол жеңіліс Хорезм шахтың Батыр ұлы Жәлелад-Дин мен Шыңғыс Ханның төл андасы Шығы Құтлық екеуі соғысқан күні, осы Термездің іргесінде болған еді. Ол жайлы

«алтын дәптердің» авторы Рашид-ад-Дин жазып кетті ғой. Шыңғыс Хан «нағыз жеңіске жету үшін жеке бір шайқаста жеңіле де білу керек» деген әлемге жайылған қанатты сөзін сол жолы айтқан екен...

Бақыт Бекеннің Термезді сонша дәріптеп отырғанын түсіне алмай, досымыздың бетіне таңдана қарап қалды. Бірақ, Бекеннің Бақыттың күй-жайына көңіл аудара қоятындай түрі жоқ. Ол сөзін жалғастыра береді:

– Ресей империясы Орта Азияны жаулап алу шараларын жүзеге асыруды жоспарлағанда да осы Термездің тарихи орнын ерен түсінген сияқты. Егер, Орта Азияны басып алып, ілгері қарай бір аттаса кең құлқынға Ауған сиып кететіндей көрінген болса керек. Одан ары аңызға айналған Пәкістан мен Үнді жатыр. Ал, осы бай өңірге өткел беретін, қыспақ биік таудың ортасын қақ жарып өтетін көп қолды әскерге, ауыр техникаға ыңғайлы екі ғана жол бар. Сол жолға тек Термез арқылы шығуға болады. Сол себепті Патша үкіметі Самарқанд пен Бұхардан бұрын осы Термезге қарай ұмтылыпты ғой. Сол арам ойы жетек болып, патша басқыншылары қаланы басып алған соң, Термездің шетіне, Амударияға жақын, айналасы ашық жерге сол заманның техникасы бұза алмайтындай етіп үлкен тас-қамал орнатқаны әлемге белгілі. Қамал ХІХ – ғасырдың соңғы жылдары басталып, ХХ – ғасырдың басында түгел жасалып біткен екен. Қамалды елу мың қарулы күш бір жылға жуық жауға төтеп берерліктей етіп, биіктігін қарағайдың бойындай қылып қалаған. Ал, қоршауының үсті үш арба қатар жүре аларлықтай кең жол. Қамалдың іші оң гектардай аулыны алып жатыр-ау деп ойлаймын. Асты терең, бір-бірімен қатынасы жоқ бірнеше казамет. Әр бөлігінің ауыз суы, тағам қоймасы, ас пісіретін орны бөлек-бөлек. Егер жау қамалдың ішіне басып кіретіндей күн туа қалғанның өзінде, қорғанушылар казаметтің ішіне тығылып алып соғысуға жағдай әбден баршылық...

Бекеннің мына әңгімесінен зеріге бастағандай тұр танытып Бақыт:

– Дұрыс-ақ! Сен Термездің қаласының да, қамалының да жағдайын бізден әлде қайда артық білетін болып шықтың. Сонда, сен сол Термезге Амударияға шомылу үшін ғана бармақсың ба? Мына біліміңмен үйде отырып-ақ очерк жазуға болатын түрің бар ғой. Егер, басқа өңірге барсаң қанды жейде киген азаматтар жайлы екі мақала жазар едің! – деді күлімдеп.

Бірақ, еті қызған жақсы аттай желігіп алған Бекеннің ырық беретін түрі жоқ:

– Тоқтай тұр, – деді ол. – Асықпа! Бұл әңгіменің мән-жайы басқада. Мына Кәкең сол қамалда тұрып, сардарлар оқуын тамамдағанын білесің бе?! Сол қамалда тұрған кезде-ақ жауына оқ атып, ел көзіне түскен бірегей адам осы Кәкең. Сол себепті мен Термезді таңдадым!

– Иә!? Майданның шебінен бірнеше мың шақырым жерде жүріп атысқаның қандай, қайдан келе қалған жау еді? Ел көзіне түсетіндей сол жолы сен қандай бірегей ерлік көрсетіп едің? Ол жайды біз әлі күнге дейін неге білмей жүрміз? – деді Бақыт та райынан қайтпай.

Бекен менің бетіме көңілдене бір қарап алды да:

– Сен істің мән-жайын жақсы білесің ғой, айтып берші мына досымызға! – деді.

– Жоқ, өзің айт! «Көрген жақсы біле ме, естіген жақсы біле ме» деген ғой. Сен жауыңа оқ атқан сәтінде мен қасында болған жоқ едім ғой. Термезге жайылып кеткен оқиғаны естігенім болмаса, сенің сол сәтте қандай күйде болғаныңды да біле бермеймін, Өзің айт?! – дедім, көңілдене тіл қатып.

Бекен қамшы бастыра қоймады.

– Айтсам-айтайын! Онда не тұр дейсің?! – деді.

Сонан соң, мығымданып отырғысы келген адамдай, бір көтеріліп барып, орнына қайта жайғасты.

3

– Бұл оқиға сонау 1942 жылдың ерте күзінде болған еді, – деп бастады ол әңгімесін, Бақыттың бетіне үңіле бір қарап алып.

– Бізді маусым айының басында ауылдан әскерге шақырды. «Шу!» дегенде военком бір топ жігіттерді сұрыптап, медкомиссиядан өткізіп, Саратов қаласына жіберетін болып, Шәуілдірден жаяу айдап Арысқа алып келген беті еді. Ертең қызыл вагонға тиіп аттандырады екен деп қобалжып тұрғанда, ертелетіп, бұрын көрмеген бір лейтенант келді де, орта білімі бар он шақты жігітті бөлек шақырып алып, опыртопыр машинаға тиіп Ташкентке қарай алып жүрді.

Ой, сол күнгі бізді шығарып салуға әдейі келген анамның қуанғаны-ай! Сорлы анам көзіне Саратов – «майданның оты» деген сөзбен бірдей көрінсе керек. Ташкентке оқуға апаратын

болды деген әңгіме құлағына тигенде, Алланың өзі балаңды опаттан тірі алып қалам деп тұрғандай көрінсе керек.

– Иә, – деді Бақыт, қысқарта сөйле дегісі келгендей тұр танытып.

Бірақ, Бекен оның сөзіне елең ете қоймайды. Бетін тағы бір рет әдемілеп сүртіп алды да.

– Тоқта! – деді. – Мына ғажапты қарашы, фашистер қауырт шабуылға шығып, Сталинградқа тақап келе жатқан сәтте, жоғары қолбасшылар соғыстың ұзаққа созылатынын біліп, жеңістің келешегін ойлап, сардарларды көптеп даярлаудың нақты шарасын ойластырып, жүзеге асырған екен. Біз сол іске тап келдік. Оны кейін білдік қой. Ташкенттегі «топтау пункті» деп аталатын мекемеде он шақты күн тұрдықта, бір түнде пойызға мініп Термезге қарай бет алдық. Анам: - «Жыламаймын, балам, жаламаймын!» Аллам менің көз жасымды көргендей, үкіметтің басшылары сендерді оқытып барып жауға қарсы қоямыз дегеніне шүкір. Шикі жұмыртқа сияқты балаларды жауға салып баудай «түсірмегеніне құлдық!» - деп, ақ жол тілеп, көзінің жасын төгіп тұрып, жолға шығарып салды... Ташкенттің орталық вокзалынан үйреншікті қызыл вагонға міндік. Жолға «Республика орталығынан» әндетіп, гулдетіп шығарып салғандарының өзі бір мәртебе сияқты көрінген еді. Үш күн көмбе қазанда қуырған тарыдай шығғырылып, асықпай жұрып Термезге келдік-ау, әйтеуір. Сөйтіп, қаланың іргесіндегі дәу қамалдан бірақ шықтық...

Бекен сөзін бөліп, сәл кідіріп отырып қалды. Өткендері мен кеткендері ойын қобалжытып жіберсе керек. Сонан соң, күрсініп алды да, сөзін жалғады:

– Термезде «әскери училище» деп аталатын офицерлер даярлайтын оқу орны жаңадан ашылған екен. Оны аталмыш кең қамалға орналастырыпты. Біз училищеде батальон миномет командирлерін даярлайтын құрамында оқитын болдық. Алғаш училищеде негізінен минометчиктер сардарларын даярламақ болған екен. Біз келісімізбен жаңадан зеңбірекшілер дивизионы құрылды училищенің аты «атқыштар мен минометшілер даярлау» болып аталғанымен, заты артиллерия мен миномет сардарларын даярлайтын оқу орнынына айнала бастады. Бұл да болса Совет Армиясының қаруының жаңа сапаға ие бола бастағанының сипаты еді ғой. Арада жарты ай өткенде біздің топқа мына Сәкендер келіп қосылды. Бұларды сонау майданның ортасынан алып келді десіп жатты.

– Бұл әңгіме жайлы қанықпыз, – деді Бақыт, зеріге бастаған адамның пішінін танытып.

Бірақ, Бекен, басқаның көңіл-күйінде ісі жоқ адам сияқты, сөзін жалғай берді:

– «Жылқы кісінескенше» дегендей, он шақты күнде бір дивизионан бөлек ротаға орналасқан бұлармен де араласып, бауырласып шыға келдік қой. Қазағымның ру-руға бөлініп, бөлшектеніп жүретіні өз жерінде екен. Ал, шет жерде бір кісінің баласындай, шын мағынасында «шұрқырласып» көрістік. Училищенің жүз шақты қазақ жігіттері бірімізді-біріміз аңсап тұрушы едік. Әскердің оқуы мен тәртібі белгілі ғой. Күнде таң атасымен «әйт-два» басталады. Ертеңгі асты іше сала, зеңбіректің құрлысы мен теориясынан, тактикадан төрт сағат сабақ жүреді. Түстен кейін училищеден тысқары он шақырымдай жерге орналасқан «оқ ату полигоны» деп аталатын, жауға қарсы қарудың барлық түрінен оқ ату тәсілін үйрететін, жан-жақты жасақталған дәріс орнына қарай жаяу айдайды. Айдағанда жай ғана емес, артымыздан өрт шыққандай, ышқынта жүгіртеді, келіп. Кешкі асқа сүлемізді сүйретіп әрең дегенде ілігеміз. Тек, жексенбі күні ғана полигонға апармайды. Бірақ, оның есесіне, таң атысымен училищенің начальнигі өзі бас-көз болып, арқамызға жиырма кило құм салған дорбаны іліп алып, отыз шақырым жерге жүгіреміз. Мұны кебежедей қарнына зеңбірек оғының ұшқыны тиіп жараланып, майданнан оралған етті-женді генерал Мешешкин «жаттығу ауыр болса, майдан жеңіл болады» деп түсіндіреді де, өзі атқа мініп алып, бізді зыр жүгіртіп үйретеді. Термездің, қайнаған қазандай, шыжып тұрған күнінде жүгіріп көрші. Құдай басқа салған соң, амал жоқ, көнесің!. Сөйтіп жүріп екі ай өтті. Термездің өңірі жаз бойы бір тамшы жаңбыр көрмейді екен. Бұрынғы Одақтың ең ыстық қаласы осы Термез еді ғой. Мамыр айынан бастап сонау қарашаға дейін аспан айналып жерге түсіп кетердей, күні де түні де маужырап күйіп тұрады. Мақтада істейтін әйелдер бастарына сәлде сияқты қалың нәрсе орап алып, күннің аптабында арам шөпті отап жүретінін қайтесің!. Иә, ауылдағы тірліктің ауырпалығы майданнан бір кем болмайды деген сөз өте әділ пікір ғой...

– Термездің ауа райы жайлы азын-аулақ хабарымыз бар сияқты еді ғой, – деді Бақыт, әңгіменің ұзарып бара жатқанын жақтыра қоймағандай сыңай танытып.

Бірақ Бекен оның зеріге бастағанына көңіл бөле қояр түрі жоқ:

– Оқуымыз бір салаға түсіп, жаттығудың ауыртпалығына да денеміз үйрене бастағандай болған кезде, командирлер бізді рота-рота бойынша қаланың сыртындағы азық-түлік, қару-жарақ қамбасының күзетіне қарауылға жіберетінді шығарды. Күнде түнге қарай бір рота күзетке тұрады. Ертеңгі сағат сегізде қамбаның адамдары келіп іске кіріседі. Күндізгі күзетке қамба жұмысына жәрдемге келген солдаттарды қояды. Біз күзеттен босай салып, кідірмей қамалға келеміз де, ертеңгі астан соң, күнделікті дәріске кірісеміз. Түн ұйқыңды сарп етіп едің деп жаны ашып жатқан адам жоқ! Қырық градус ыстықта түні бойы қақайып тұрып, таң атысымен қайтадан оқуға кірісу қайсы бір жетіскен іс қой дейсің?! Басқа амал болмаған соң, көнесің де...

– Иә, солай, – деді Бақыт.

Бекен Бақыттың бетіне, «қайда асығып отырсың?» дегісі келгендей, адырая бір қарап алды:

– Айына екі рет қамба күзетіне барамыз. Қамба болғанда жалғыз үй емес, далиып жатқан ауыл іспеттес, бір шеті мен екінші шеті, қосып айтқан адамға, ат шаптырым жерді алып жатқан қалашық. Патша үкіметі қамалды салған кезде-ақ, қала шетінен сарбаздар мен сардарлардың жауынгерлік ісіне, күнделікті тірлігіне, отбасына керек азық-түлік, киім-кешектеріне дейін есептеп, оңаша арнаулы қойма салған екен. Қамбалар бірінен-бірі оқшау, бөлек-бөлек салынған, қызыл кірпіштен қалаған керегесінің ені бір метрге жуық. Әсіресе, алты сарайдан тұратын тағам қамбасының айналасынан күндіз-түні адам үзілмейді-ақ. Киім-кешек қоймасы төрт үй. Үй болғанда анау-мынау кішкене, қойма емес, ұзындығы елу, биіктігі алты метр, көлденеңі он сажын келетін керуен сарай! Олардан оқшау екі арасы бес жүз метрдей жерге он шақты қару-жарақ қамбалары орналасқан. Зеңбірек қоятын қамбасының ішінде қамбашылар машинаға мініп алып шапқылап жүреді. Оқ-дәрі сақтайтын қоймалар да өзінше бөлек орналасқан. Егер, бір қамбадан өрт шыға қалса, басқа қамбаларға қауіп төнбейтіндей етіп араларын оқшаулап орналастырса керек...

Созылып кетекен сөзге зеріккен Бақыт:

– Қамбаның не екенін білеміз ғой. Оны қазбалай бермей, тоқ етерін айтсаңшы? – деп қалып еді, оған Бекен көне кететін сыңай таныта қоймады.

– Тоқта асықпа!. Әңгіме осы қамбаларды күзеткен кездегі оқиға жайлы болғалы отыр ғой, – деді. – Мылтық пен

автоматтың, оларға керек оқ-дәрінің де қамбалары бөлек-бөлек, өз алдына оңаша орналасқан еді. Бірақ, күзетке тұрғандар қайсы қоймада қандай дүние жатқанын біле бермейді. Өйткені, бұл жасырын, құпия мәлімет деп есептелетінді. Дегенмен, «ел құлағы елу» деген сөз бар емес пе, оның үстіне, солдат деген пәленің білмейтіні кемде-кем келетіні тағы бар ғой. Әйтеуір, мөлшермен болса да қамбалардың ішінде не жатқанын жауынгерлер біледі, әрине.

Бақыт:

– Бұл да белгілі жай ғой. Сол аумалы-төкпе заманда біз де сен жүрген шаңның ішінде болған сияқты едік қой, – дей беріп еді, Бекен жақтырмай қалған сыңай танытты:

– Ой, өзің шыдамсыз адам сияқты, қайда асығып отырсың? Бопты, сенің-ақ ойыңнан шығайық. Қысқасы, сол көп қамбаларға жеке-жеке күзетшілер қояды. Олар екі сағатта бір алмасып тұратын болған соң оларды «сағатшы күзет», не «сағатшылар» деп атап кеткенін өзің жақсы білесің...

– Аллаға шүкір, басқаны білмесек те «часовой» деген сөздің не екенін білеміз ғой, – деп Бақыт езу тартты.

Бірақ бұл қыстырма сөзге де Бекен онша мән бере қоймады.

Әңгіме созылып бара жатқан соң, екеуінің арасына түскендей болып мен де үн қостым:

– Бекен-жан! Ұмыт болып бара жатқан әскердің тіршілігін бір-аз еске салдың ғой. Енді әлгі айтпақ болған ерлігіңе жақындасаң қайтеді?...

4

– Сонымен, біздің осы қоймаларға күзетке тұруымыз қалыптасып қалғандай кез еді, – деді Бекен, мақұл болғандай. Сөйтіп жүргенде, бір күні «қамбаларға белгісіз жау тосын шабуыл жасап, мылтық пен автомат қоймасының есігін қиратып, біраз қару-жарақты алып кетіпті, зеңбірек пен миномет қоймасына да тиіссе керек» деген алыпқашпа әңгіме дүңк ете түсті. Осы әңгімені естіген сәтте денемнің тітіреп кеткені әлі есімде. Мына фашистер қолының ұзындығын қарашы! Біз училищеге келердің алдында ғана Англия мен Советтер Одағы Иранға қарулы күштерін енгізген еді ғой. Сол жолы «ойпырым-ай, мына немістер біздің бүйірімізден келіп қалған екен ғой!» деп ауыл ақсақалдары таң қалып

еді. Сөйтсек, бұл пәлелер, тіпті, Өзбекстанның керегесіне қол сұғуға таяп қалған екен ғой деген күдік мазаны ала береді. Бірақ, алғашқы күні бізге осынау ыңғайсыз істің мәнжайын түсіндіріп, әңгімелеп берген жан болмады. Мұндайда сарбаздардың шетінен білгіш болып шыға келетін әдеті емес пе. Сабақтан қолымыз қалт етіп босай қалсақ болды, «олар мылтықтарды ғана алып кеткені рас болса, оған оқ-дәрі керек қой. Бұлар оқ жатқан қамбаны анық білмесе керек. Сол себепті, басқа қоймаға ұрынып, уақыт оздырып алған сияқты көрінеді. Енді олар, оқ қоймасын анықтап алғаннан кейін, қайтадан шабуыл жасауы мүмкін» деп, бірінен соң бірі желігіп шыға келді.

Осы сәтте Бақыт:

– О, әңгіменің төркіні енді түсінікті болды! Сендер күзетке тұрған күні қарақшылар қамбаға қайтадан шабуыл жасап, сен ұстамдылық көрсетіп, бас салған ұрыларға оқ жаудырып, қамбаны аман алып қалдың! Сол ерлігің үшін генерал Мешешкин курсанттарды сапқа тұрғызып, саған алғыс жариялады. Әлде, ерен көзге түскен ерлігің үшін елге барып келуге демалысқа жіберіп пе еді, – деді танауы желбіреп.

Мен амалсыздан мырс, етіп, күліп жібердім.

– Па, шіркін! Мына Бақыттың көрегіндігін қарай гөр! Саған философ емес, көріпкелдердің мектебіне түсу керек еді ғой. Өкінішке орай, ондай мектеп біздің елде әлі ашыла қоймаса керек, – деді Бекен де, есесін жібере қоймай.

Бақыт соғыстан кейінгі жылдары «шинелді студент» аталып, майданнан оралғандардың қатарында жүріп, КазГУ-дің философия факультетін тамамдаған еді. Ол кандидаттығын қорғап, жоғары оқу орындарында доцент болып қызмет істейтін. Бекен осы жайды тілге тиек етіп отыр.

– Сәл-пәл сабыр ет! – дедім мен, Бақыттың бетіне жымия қарап.

– Шынында сенің ойыңның жаны бар. Бекен әңгімесін аяғына шығарсын, соңынан бірақ күл...

– Айта ғой, – деді Бақыт.

– Иә, сабыр ет! – деді Бекен. – Сонымен, әлгі оқиғадан кейін арада бес күн өткенде біздің рота қамбаға қарауылға тұратын болды. Сол күні рота командирі алғашқы рет, ресми түрде, қамбаларға ұры түскені туралы әңгімелеп берді ғой. Әңгімелегенде жай емес «гарнизон басшылары күдіктеніп, бізді әдейі шақырып алып қатты зекіп тапсырды, өте сақ болыңдар деп бұйырды» деді. Бұл әңгіме құлаққа

тигенде ерекше қобалжу туғызғаны айтпаса да түсінікті ғой. Ұзын сөздің қысқасы, осындай сәтте біз күзетке кірістік. Сорлатқанда нақ түн ортасы болғанда күзетке мен тұратын болғанымды айтсаңшы!

Бақыт әңгіменің қызығына енді-енді көңіл аударғандай түр танытып:

– Мынау шынында да сирек кездесетін оқиға болған екен! Сонымен ары қарай не болды? – деді.

Бекен көңілдене түсіп:

– Түнгі сағат екіден бастап төртке дейін үшінші номерлі қамбаға күзетке тұрдым. Кеңіл күпті, жүрек қобалжулы. Өйткені, білгіш сарбаздар айтуына қарғанда мылтықтың оқ-дәрісі осы қамбаның ішінде жатса керек. Уақыт түн ортасы еді. Қол орақтай иілген, жіңішке ай ұясында еніп кеткелі қашан! Айнала, көзге түртсе көргісіз, қап-қараңғы, үп еткен жел жоқ, тұнжыраған дүние. Тек, биік аспандағы жұлдыздар жымыңдап «сақ бол, сақ бол!» деп тұрғандай. Оның үстіне нақ сол күн ерекше күйіп, ыстық 42 градусқа жеткен еді. Тымырсық ауа денені ауырлытып, онсыз да мазасы кетіп тұрған жүректі қысып, біреу кеңірдегіме жабысып, тұншықтырып тұрғандай, жанымды жеп барады. Ауаның ыстығына жүйкенің жұқарғаны қосылған соң не жақсылық болсын, тәйірі, жауырымнан аққан тер құймышаққа құйылып, моншадан шыққандай, қаным бетіме теуіп тұр.

Термеzdің ауасының лебі тиіп тұрғандай Бекеннің бетінен тер шып-шып ағып тұр. Ол беторамалын қолына қайта алды да, әңгімесін тағы үзіп жіберді. Күзетке жаңа тұрғандай «Уһ!» деп ауыр демалып алды да, Бақыттың бетіне үңіле қарады:

– Қарауылдан босаған жолдастарымның аяғының тырсылы басылысымен, денемді жиып, қорғаныстың қамына кірістім. Егер жау келе қалса, ең болмаса сес білдірейін деп мылтықты оқтап алдым. Жау сырт жағымнан бас салмасын деп қамбаның қабырғасынан он шақты қадам оқшау, ашық жерге барып орналастым. Байқаусызда оқ шығарып алмайын деген сезім бойды билеп, бес атардың құндағын жерге тигізбей қолтығыма қысып бір-аз тұрып едім, өз денемді өрең көтеріп тұрғанда, мылтықтың салмағы еңсемді басып бара жатқандай болды. Енді амал жоқ мылтықты аяғымның қасына тік қоюға тура келді. Жау нақ осы сәтті күтіп тұрғандай, қазір жетіп келіп бас сала кететіндей көрініп барады. Бұрын қамбаның бұрышында сығырайған жалғыз электр шамы жанып тұрушы еді. Оны өшіріп тастапты. Бұл электр қуатын

үнемдегендері ме, жоқ әлде, сол шам жауға қарауылшының тұрған жерін көрсетіп қояды-ау деп күдіктөнгендіктен туған шара ма, ол жері беймәлім.

«Қарақшылар келе қалса қала жақтан емес, даланы бетке ұстап келетін шығар», деп түйіндеп қоямын. Әсіресе, арам істері сәтті бола қалса, олар қалаға емес, адам кемде-кем кездесетін иен даланы бетке алып қашуы кереке қой. Памирдің етегіндегі жырым-жырым сайлар Термезден не бары отыз-қырық шақырым ғана жер. Шапқыншы тау етегіне ілініп үлгерсе-ақ болды, ізін суытып, жоқ болады да кетеді. Ол кезде тікұшақ деген атымен жоқ заман еді ғой. Атқа мініп тура ұмтылған қуғыншылар қарақшыларды қай сайдың ішінен таба алсын?!

– Мұның рас, – деді Бақыт.

– Жә, иен далада, моладай қамбаның түбінде жалғыздан-жалғыз қақиып тұрмын. Неде болса қарақшылар келе қалса мылтық атып үлгеруім керек деп, өзімді-өзім қайрап қоямын. Өйткені, олар жалғыз жәшік қана оқ алуға келмейтіні де түсінікті ғой. Тобымен келері белгілі. Егер, олар шындығында арам ниет ойласа, күзетке тұрған мезгілдің алғашқы сәтінде ұмтылып, маған оқ шығаруға мұраша бергізбей қимылдауы тиіс. Онсыз іздерін суытып кетуге үлгере алмай қалулары ықтимал...

– Ой, бейшара-ай! Жападан-жалғыз, жаның әбден қысылған екен ғой! – деді Бақыт.

Бекен:

– Сөйтіп, екі көзім төрт болып айналама тесіліп қарап тұрғанда, тура алдымнан құрғақ құрай сылдыр ете түскендей дыбыс естілді, – дей беріп еді, Бақыт шын көңілмен елең ете түскендей түр таныттып:

– Қарай көр мына иттердің пиғылын!...

Бекен көрер көзге кәдімгідей желпініп қалды:

– Қарақшылар келіп қалған екен деп, мылтығымды алға беріп, бір тізілеп отыра кеттім. Бірақ, айнала қайтадан тыптыныш бола қалды. «Ә құлар-ай!» – деген ой көңілімді осып өтті. Аяқтарын аңдып басып келе жатыққан пәлелер емес пе?.. Екі көзім телміріп, әлгі дыбыс шыққан жаққа қадалып тұрмын. Демім ішімде. Тіземе сол қолымның шынтағын тіреп, мылтықты сүйеп, әлгі жерді қарауылға алып, қасардым да қалдым. Ондағы ойым оқ жақын жерге тисе жау сескеніп тура қашатын шығар деген үміт еді. Бір кезде әлгі сылдыр шыққан

жерден кішкентай ғана жарық жылт ете түсті де, ілезде көзден ғайып болды. «Мына пәленің қойнында электр қолшамы бар ма, немене?» деген күдік бойды билеп шыға келді ғой. Лезде жылт ете түскен жарық көзіме тағы іліне кетті. Енді күмән қалмады. Үшінші рет жарық көріне бергенде қарауылға ілінгендей болды. Сол сәтте: «неде болса нәр тәуекел!» – деп, мылтықтың серіппесін асықпай басып кеп қалғаным мұң екен, мылтықтың үні қараңғы түнді қақ жарып, айнала удашу болды да кетті. Түнде мылтықтың даусы қатты шығады деуші еді, сол рас екен. Құлағым тұнып, алқынып барам. Сол сәтте алдымнан бір нәрсенің қыңқ еткен үнін құлағым шалып қалды. Оқ жақыннан тиген соң қарақшы шошынып кетсе керек деген сенім бойды билеп барады. Мылтықтың дүрсілі басылысымен бір сәт айнала тып-тыныш бола қалды.

– Ой, өзің шынайы ерсің! Жүрек тоқтатқыныңды қарашы! – деді Бақыт.

– Сол сол-ақ екен, қарауылшылар демалатын үйдің қасынан айналаны жаңғыртып екінші мылтықтың үні шықты.

– Иә, – деді Бақыт. – Бұл, әрине, түсінікті жай. Жау шабуыл жасай қалса қарсы қолданатын, алдын-ала келісіп қойған тәсіл еді де...

– Иә, солай – деді Бекен. – Қарауылдардан дабыл шықса, еріптестеріміз демалып жатқан үйді күзетіп тұрған курсант мылтық атып, дабыл қағуы керек. Күзететін жердің көлемі кең болғандықтан қарауылшылар екі жерге бөлініп орналасқан еді. Дабыл қағылса демалып жатқандардың бәрі бірден «атойлап» екі жақтан күзетшіге жәрдемге келулері керек...

Бекен сөзін бөліп, менің бетіме жадырай қарады. «Қалай, дұрысын айтып отырмын ғой» дегісі келгендей...

– Бұл да белгілі тәсіл ғой. Сонымен... – деді Бақыт, асыға түсіп.

– Жай жаттығу кезінде оқ ату бір түрлі де, нағыз жауға оқ ату ерекше болатынын сол жолы алғаш аңғарғаным есімнен шығар емес. Бүкіл денем күйіп, айнала қарақоюланып бара жатқандай сезініп, жүрегім лүпілдеп тұр...

– Сені батыр ма деп жүрсем, өзің қорқақтау екенсің ғой, – дедім мен, Бекеннің желігіңкіреп алғанын басқым келіп.

– Тоқтай тұр! – деді ол. Баукең: – «қауіптен қорықпайтын адам жоқ» – депті ғой. Бауыржан Момышұлын айтып отырмын. Өңгіме менің сол сәттегі қорыққанымда, не жүрек тоқтатқанымда болып отырған жоқ. Аллаға шүкір, алдым жау болғанымен, айналамның бәрі дос екенін естен шығарып

алды ғой дейсің бе? Әдейлеп жауға оқ атқанның өзінің ерекше әсері болады екен. Әңгіме сол әсерді алғаш сезінгенім жайлы болып отыр...

– Қандай жағдайда болмасын, жаудың аты жау емес пе! Тура келген жау көңілді қобалжытпай қоймайды, әрине, – деді Бақыт, менің сөзімді жақтырмай қалғандай сыңай білдіріп.

Бекен әңгімесін жалғастыра берді:

– Сол сәтте алғаш ойыма келгені: «енді жау жағы не істер екен?» деген сұрақ болды. Біріншіден, олар жолы болмай қалғанына көзі жетсе дереу көзден ғайып болуға тырысады, әрине. Екіншіден, бұлар қарақшы болған соң, жолын торып, көлденең келген адамынан кегін алмай кете бермейтін де шығар деген күдік бойды билеп барады. Егер, солай болғанда олар ең болмаса менің дымымды өшіріп кетулері керек қой. Қарауылдар демалатын үй мен қамбаның арасы төрт-бес жүз метрдей жер еді. Екі ара жалғыз аяқ жол. Сол жолдың шетінде, қамбаға жақын, оншақты метр жерде кішкене ғана ошақ орындай табиғи ойпаң бар еді. Жау маған қарсы оқ жаудыра қалса, ең болмаса бас сауғалайын деп, сол жерге қарай жүгірдім де, жете сала жер бауырлап жата қалдым.

– Дұрыс шешім! – деді Бақыт.

– Бірақ, алдымнан мылтықтың үні түгіл, тіпті, сыбыс естіле қоймайды. Біраздан соң жерді дүбірлетіп жүгіріп келе жатқан әріптестерімнің аяғының үні құлағыма келді. Сонда барып жүрегім орнына түскендей болып, орнымнан тұрдым.

Бекен отырған орнынан сәл-пәл көтерілді де, қайта жайғасты.

– Ту, к шорту, мына кресло денемді онан әрі ысытып барады ғой, – деді, маған қарап.

– Иә, сонымен... – деді Бақыт істің немен біткенін тезірек білгісі келіп бара жатқанын аңғартып.

– Рота командирі капитан Шеглов деген жігіт білгір сардар еді. Бізге дәріс бергенде бізді алалмауға тырысатын, – деді Бекен, командирін есіне алып, мадақтай сөйлеп. – Бейшара, соғыстың өртінен аман қалыпты. Қазір Ташкенттің түбіндегі зауытта істейді екен. Мен Басштабқа хат жазып жүріп, осыдан екі жыл бұрын тауып алдым да, содан бері хабарласып тұрамыз...

Әңгіменің төркіні күрт өзгеріп кеткенімен, Бақыт досын көңіліне алып, шынайы ризашылық білдіріп:

– Мынауың зор адамгершілік болған екен! Сенің

осы көпшіл мінезің ғой, жолдастырыңның арасында абыройыңның биік болып жүргені! – деді.

– Шеглов өзімен бірге екі бөлімшені ілестіріп жүгіріп келген екен. Олар әу бастан-ақ сақтықтың шарасын көріп, үшке бөлініп, араларын алшақ салып, алға қарай ұмтылыпты. Олар жақындаған сайын әскери тәртіптің қатаң талабын сақтау керек екені есіме түсіп, денем шириғып шыға келді. Әріптестерім таяп келгенде: «тоқта, кім келеді?» деп үн шығарып едім, рота командирі менің тірі екенімді білгенде қуанып кетсе керек, үні бәсең болғанымен, өте көңілді шықты.

Ол:

– «Қаршыға», – деп, паролін айтты да: – Аббдулин, тірісің бе? Мылтық атқан кім? – деді, қасыма жақындай беріп, алқына тіл қатып.

– Мен...

– Неге аттың? – деді ол, жақын келісімен.

– Алдымнан сыбыс естілді, бір нәрсе қарауытып көзіме көрінді. Сонан соң сіздің нұсқауыңыз бойынша дабыл қақтым...

Әріптестерім маған араша түсіп, тез жетіп келгенін көргенде, көңілім босап сала берген еді. Даусымның дірілдеп шыққанын өзім де байқап тұрмын.

Менің үнім құлақтарына тигенде курсанттар не болып қалғанын білгісі келіп, маған қарай бет алып еді, капитан оған жол бере қоймайды. Ол бір тізелеп отыра беріп, әріптестеріне «ара алшақтықтарыңды бұзбаңдар!» деп бұйырды да:

– Қай жерден көрдің? – деді, менің сөзіме сене қоймаған кісінің пішінін танытып.

Мен қолымды сәл-пәл көтеріп, алға қарай нұсқадым да:

– Қарсы алдымда, жүз метрдей жерден қарауытқандай болды, – дедім, күмілжіп. – Оғым тиді-ау деймін, құлағым бір дыбысты шалып қалды...

Командир менің сөзге зор мән бере тыңдап отыр. Бірақ, байқаймын, оның ойы басқада.

– Сол сәттен бастап «енді не істеу керек?» деген сұрақ менің емес, оның мазасын алып барады, әрине. Ол бірден әлгі оқ атқан жерді көріп барып шешім қабылдаған дұрысырақ болар деп ойласа керек. Бірақ, әккі командир сақтық ойлап, бірден алға қарай ұмтыла қоймады. Ол өзінің соңына ере келген курсанттарды ақырын шықырып алды да, тобын дереу екіге бөлді. Ол алғаш мен нұсқаған жерді қоршаңқырап барып, әлгі жерде не бар, не жоғын өз көзімен көргісі келген сияқты. «Бір-бірлеп, аяқты аңдып басып, алға қарай

жылжиық» деген пікір айтып еді, ешкім жоқ дей қойған жоқ. Командиріміздің шешімін барлығы түсініп, құптап тұр, әрине. Іле-шала екінші қарауыл үйінің қасында тұрған өрт сөндіргіш машинаның жарығы жерді қауып, жарқ ете түсті. Машина ілезде біздің қасымызға жетіп келді. Кабиначасында үш курсант бар екен. Енді, машинаның жарығын мен нұсқаған жаққа қарай бағыттап, бәріміз алға қарай бет алдық. Ілезде-ақ алдымызда серейіп жатқан бір нәрсе көзге түсе кетті. О, тәңірі! Мына пәленің жатысы адамға ұқсамайды. Өлгіні көре сала, «бұл не?» деген сұрақ бойды билеп, курсанттар алға қарай тура жүгірді.

– Иә, – деді Бақыт, асыққан кісідей.

– Келсек жатқан адам емес, шала-жансар аң екен. Жануарға қараңғы түнде атқан оқтың дәп тигенін қарашы! Алла-тағала келемеж болмасын дегендей менің шығарған оғым да зая кетірмепті.

– Мынау не? – деді командир, мұндай аңды бұрын-соңды көрмеген адамның сыңайын танытып.

– Мынау борсық қой! – деді курсанттардың біреуі. Менің де борсық деген аң туралы естігенім болмаса, көруім осы еді. Жануарың қасқа маңдайы аппақ болып жарқырап жатыр.

– Иә, иә, сонымен? – деді Бақыт мына сөзге сенерін де, сенбесін де білмей.

5

– Мына жағдайды көргенде жүрегі орнына түскен рота командирі тұрған жеріне отыра кетті де, даланы жаңғырықтыртып қарқылдап күліп қоя берді, – деді Бекен, жайдарлы үнмен. Менің көзіме елестеген жау емес, аң екенін түсіне кеткен курсанттар да күлісіп, жетісіп барады.

Сол сол-ақ екен, айнала абыр-дабыр болды да кетті. Тек менің күйім нашарлап, көңілім қайтадан толқып шыға келді.

– Қайтсін-ай, бейшара! – дедім мен, күліп.

Бірақ, Бекен әңгімесін бөле қоймады.

– Абырой болғанда, рота командирі бөгде сөзге келместен, менің орныма басқа курсантты қарауылға қойды да, қалғандарымызды сапқа тұрғызып, қарауылдар үйіне әкелді. Командир дереу гарнизон штабына телефон соқты да, менің дабыл қағып оқ шығарғанымның себебін және жүзеге асырған шараларын баяндады. Ол маған жәрдемге шығардың ал-

дында қарауылшының дабыл қағып оқ шығарғанын штабқа хабарлап үлгерген екен. Өйткені, тәртіп солай еді ғой.

Арада бір сағат өтер-өтпестен гарнизонның штабынан екі офицер келді де, оңаша отырып ротный екеумізді жеңіл сұраққа алып, болған іске көздері жеткендей болған соң, мені ертіп, гарнизонның штабына әкелдік. Уақыт озған сайын ыңғайсызданып, қысылып барам. Жау деп дабыл қаққаным борсық болып шығып, әріптестерімнің алдынада күлкіге қалғаным өз алдына. Екінші жағынан, бұрын көрмеген, естімеген «тергеу» деген пәлеге ұшырап, құтым қашып, мазам кетіп барады. Штабқа келгеннен кейін офицерлер мені кіре берістегі штаб қарауылшысының қасына қалдырды да, өздері ішке еніп кетті. Біраздан соң бір майор мені дауыстап шақырып алып, соңынан ертіп ішкі бөлмеге ендік. Майор болған жайды қайтадан қазабалап, істің мән-жайын қағазға түсіріп алды. Сонан соң «жүре бер» деді де, босатып қоя берді.

– Е, бәсе, сен тәртіп бұзған жоқсың ғой! Әрине, олар болған істің мән-жайын біліп алып бастықтарына баяндауы керек. Майор зекіген жоқ па? – деді Бақыт, араша түскісі келген адамдай.

– Жоқ, – деді Бекен. – Майор күлген де жоқ, даттағанда жоқ, мақтаған да жоқ, өз жайна қала берді. Жерге әбден жарық түскенде жалғыздан-жалғыз қаланы қақ жарып жүріп отырып қамалға келдім де, төсегіме құлай кеттім. Буын-буынымның босап кеткенін сонда барып бірақ сезгенімді айтсаңшы! Бірақ, жетісіп ұйықтай алмадым. Көзім жаңа ғана ілініп бара жатыр еді кезекші курсант келіп түртіп оятты да:

– Штабқа шақырып жатыр, – деді.

– Жаңа ғана келдім ғой, – дей беріп едім, әлгі әріптесім сыбырлағандай болып, үнін бәсеңдетіп:

– Училищенің «ерекше бөлімі» шақырып жатыр, – дегені.

Училищеде «ерекше бөлім» (особый отдел) деп аталатын шпионға қарсы күресетін мекеме бар еді. Оны бәріміз біліміз, әрине. Сол бөлімнің жалғыз уәкілі ылғи погон тақпай, азамат киімімен жүретін Кисилев деген капитан еді Оның жеке басы туралы жігіттер пәлен деген сөз айта қоймайтын. Өйткені, ол құпия жай еді. Бірақ, анда-санда бұл мына соғыстан алыс жатқан Термезге қандай шпион іздеп жүр екен деген күңкіл естіліп қалатын. Қару-жарақ қамбасында жау тиіпті деген әңгіме шығысымен капитан Киселев өте қажет адам сияқты көрініп кеткен еді. Мен мазасызданып, баяу қимылдап тұра бастап едім, әріптесім:

– Тез келсін деп зекіп жатыр, – деді асықтырып.

Училищенің штабы қамалға кіре берістегі екі қабаты кірпіш үйге орналасқан еді. Екі ара жап-жақын жер. Сыртқа шығысымен жүгірген кісінің түрін танытып, бүкшеңдей жөнелдім.

Капитан Киселевтің қасында біздің рота командирі отыр екен. Екеуінің түрі байсалды. Өз бастығымның отырғанын мият еткендей сезініп, көңілім орнына түскендей болды.

Екеуі қарсы алдарына отырғызып қайтадан сұраққа алды. Мен болған істі түгел айтып бердім. Ол кездегі орысшам шала еді ғой, кейбір ойымның орысшасын таба алмай қысылып, әйтеуір, айтып бергендей болдым-ау. Ротный болған істі білмеген адам сияқты, бір-екі жетектеме сұрақ бергені болмаса, зор жаңалық іздегендей мұқият тыңдап, үнсіз отыра берді. Ұзын сөздің қысқасы, екі капитан әңгіменің соңында «дұрыс екен» дегендей сыңай танытқандай көрінді. Мен қуанып барам.

Бірақ, шпионға қарсы күресетін капитан:

– Училищенің начальнигі келгенше курсант Абдуллинді ұстай тұралық. Артынан ол ашу шашып жүрмесін, – дегені.

Бұл пікірге ротамыздың командирі жоқ дей алмады. Мені «гауптвахта» деп аталатын, тәртіп бұзған курсанттарды қамап қоятын, училище түрмесіне штаб кезекшісінің жәрдемші-старшинасы айдап апарды. Бірақ, солдаттар жататын жерге емес, орта буын командирлер жататын бөлмеге кіргізді де, күзетшіге:

– Уақытша отыра тұрады, – дей салды.

Сонан соң Бекен езуін жиып, шаршап отырған адамдай «Уһ!» деп алып:

– Ендігісін мына Сәкен айтып береді, – деді.

Бақыт болса істің немен тынғанын білгісі келіп бара жатқандай түр танытып менің бетіме қарады. Сол күнгі Бекенді жақсы білетін жолдастарының қобалжығаны көз алдыма келіп, мен кәдімгідей толқып кеттім.

6

– Одан кейінгі әңгіме былай болған еді, – дедім мен, Бақыттың бетіне қарап. – Өдеттегідей сағат алтыда тұра салып, қамалдың сыртына шығып, дене шынықтыру үшін бір

сағаттай далақтап жүгіріп, бой жазып қамалға қайта оралдық. Әр ротаның жатын орны бөлек. Біз, Бекендердің түнгі қарауылға кеткенін білеміз әрине. Жунып-шайынып сағат сегізге ертеңгі асқа келсек Бекендердің ротасы взвод-взводқа бөлініп асқа келе бастаған екен. Әріптестерінің ортасында Бекеннің қарасы көрінбейді. Кешегі түстен бері жүздеспеген досымды көргім келіп курсанттардың қасына келіп: – Бекен көрінбейді ғой, – деп едім, біреуі «ол ертерек кетіп қалған» дей салды. Сол түні жатын орындарына кезекшілік еткен курсант:

– Жаңа оны штабқа шақырып алды да, гауптвахтаға қамап қойды, – дегені.

– Апыл-ғұпыл тамақтана салып, Бекеннің не бүлдіріп, не істеп қойғанын білгім келіп іздеудің шарасына кірістім. Гауптвахта – түрме іспеттес суық орын ғой. Досымның алдына құр қол бармайын деп, жүгіріп Бекендердің жатын орнына барып оның ас қабылдайтын ыдысын алдым. Оны әскерде «котелок» – «кіші-қазаншық» деп атайды ғой. Ертеңгі асқа тиесі нанын, ботқасын, шайын, шайқасықтың басындай сары май мен үш шақпақ қант сұрап алдым да, жүгіре басып гауптвахтаға жеттім ғой.

Бұл солдаттар жек көретін орын – қамалдың ішінде, біз түнейтін казармалардың қарсы алдындағы қабырға жақта салынған оңаша үй еді. Қымс етсе болды сарбазды үш күннен он күнге дейін қамап қоятын тәртіп сонау патша заманынан келе жатқан шара еді ғой. Гауптвахта кішкене – кішкене ғана төрт бөлмеден тұрады. Оның біреуіне тәртіп бұзған кіші командирді отырғызады дегенді естігенміз. Бірақ, ол бөлме көбінесе бос тұрады. Өйткені, кіші сардарлар тәртіпті сирек бұзады. Ал, бірлі-жарым тәртіпсіздік жасағандары болса оларды училищеден аластап жібереді.

Гауптвахтаның есігін күзетіп тұрған қарауыл курсант қасарысып қалған, ант ұрған адам болып шықты. Жағдайды айтып көріп едім, есікке жуыта қоймады. Ақыры, ең болмаса тамағын кіргізіп бер деп өтініш айтып едім, әкесі жаңа өлгендей қабағын қарс жауып, тамақты бөлек әкеп береді деп қасарысып тұрып алды. Жалынсам да, өкпе айтып бұның не десем де, көнетін түрі жоқ, безеріп алған біреу.

Амал жоқ, енді, ең болмаса терезеден болса да көріп, тіл-десіп қайтайын деген шешімге жүгінуге тура келді.

Гауптвахтаға кіре берісте, күзетші тұратын жерде үлкен екі терезесі бар еді. Сақшы оған жуытпады. Ал, сырт

жағында әр бөлменің кішкене ғана, қалақтай терезесі бар.

Енді, амал жоқ, үйді айналуға тура келді.

Үйдің сыртындағы сығырайған терезе адамның қолы әрең жетерліктей болып биік салынған. Абырой болғанда керегенің түбінде кісі бойындай жалпақ тақтай жатыр екен. Курсанттар анда-санда жолдасын іздеп келгенде пайдалану үшін әдейі әкесе керек. Тақтайды көтеріп, керегеге көлденең тіредім де, қолымды терезе сыртын қаптап тастаған темір торға созып, жоғары көтерілдім. Бірінші бөлмеде бейтаныс екі курсанттан басқа адам көзге іліне қоймады. Бекен жоқ. Ақырын тілдесіп көріп едім қалың әйнектен олар менің не дегенімді ести алмады.

«Бекен қайда?», «бұл қалай?» деген сұрақтар жанымды жеп бара жатқан соң, даусымды қаттырақ шығарып едім қарауылшы курсант жүгіріп келді де, мылтығын қоқаңдатып, тілдеп, кет-кет деп тұрып алды. Бұл пәлемен керісіп сөзге қалып жүрмейін деп жерге түсіп, бұрыла беріп едім, сырт жағымыздан келе жатқан адамдар дыбысы естілді.

Тақтайды орнына лақтыра салып, артыма қарасам, училищенің штаб бастығының орыбасары подполковник Қадыров деген денесі жіптіктей созылған көрікті татар жігіті келе жатыр екен. Қасындағы ергендері аға лейтенант, кезекші офицер болса керек. Мен не істерімді білмей, тұрған жерімде состыйдым да қалдым. Бастықтардан тура қашқанның да жөнін таба алмай қысылып барам.

Подполковник жақын келді де, маған қарап:

– Не болып қалды? – деді. Үні жуас. Қайта, кезекші курсанттың дөрекілеу мінезі оған жақпай қалған сияқты.

– Түнгі күзетке кеткен жолдасым тамаққа келмей қалған соң осында ма екен деген күдік ойлап келіп тұр едім, – дедім мен, кешірім сұраған түр танытып.

– Ол кім, курсант Абдуллин бе?...

Мен қуанып кеттім. Бекенді осындай мәртебесі биік адамның білгені жақсылықтың нышаны емес пе!

– Иә, жолдас подполковник...

– Онда жолдасыңды қазір шығарып береміз, жүр, – дегені.

Қарауылшы курсант ресми рапорт бермек болып еді, подполковник қолымен «болды!» дегендей ишарат білдірді де, алға қарай жүріп кетті. Мен де артынан ілесе бердім. Өйткені, маған бірге жүр дегендей болды ғой.

Күзетшіге сыртқы есікті ашқызды да, подполковник:

– Курсант Абдуллин, сыртқа шық! – деді бұйыра сөйлеп.